**2022 жылғы «Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» жанындағы 8D017 – Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерін даярлау»: 8D01721 – шет тілі мұғалімдерін даярлау/6D011900 шет тілі: екі шет тілі» кадрларды даярлау бағыты бойынша**

**Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп**

1. Өткізілген отырыстар саны – 4, оның ішінде 1 (біреу) қорғау отырысы, 3 – ұйымдастыру бойынша отырыстар.
2. Отырыстардың жартысынан азына қатысқан диссертациялық кеңес мүшелері жоқ.
3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі (кесте)

| № | ТАЖ | Оқу орны | Шифр, мамандық | Қорғау күні | Комитеттің шешімі бұйрықтың №, күні |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Халел Агнур | Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ | 6D011900 шет тілі: екі шет тілі | 21.10.2022 | Диссертациялық жұмыс Сараптамалық кеңестің 2022 жылғы 02 желтоқсандағы № 11 хаттамасы негізінде пысықтауға жіберілді. |

**4. Мынадай бөлімдері белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:**

4.1 «6D011900 шет тілі: екі шет тілі» мамандығы бойынша «Болашақ дипломаттардың шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері» тақырыбындағы Халел Агнурдың диссертациялық жұмысы:

**1) қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау;**

Халел А. диссертациялық жұмыстың тақырыбы «Болашақ дипломаттардың шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері» – Шет тілі: екі шет тілі әдістемелік ғылымның қазіргі тенденцияларына жауап береді, теориялық және қолданбалы сипатқа ие және ғылыми-теориялық базаға, сондай-ақ дипломатиялық қызметті жүзеге асыруға болашақ мамандарды даярлау кезінде мазмұнды және технологиялық тұрғыдан тиімді дамыған лингводидактикалық жүйеге негізделген білім беру процесін әдістемелік қамтамасыз ету мақсатында зерттеу нәтижелерін қолдану перспективасымен ерекшеленеді. Қорғауы 2022 жылдың 21 қазанында өтті.

**2) диссертация тақырыбының «Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы**

**Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы;**

Зерттеу 2050 жылға дейінгі ұзақ мерзімді және орнықты даму стратегиясы, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары (Жалпыұлттық басымдық 3. Сапалы білім беру), «Сапалы білім беру – «Білімді ұлт» ұлттық жобасы.

Зерттеу барысында автор Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінде әзірленген қазіргі шет тілді білім берудің мәдениетаралық - коммуникативтік тұжырымдамасына сүйенген.

**3) диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін талдау.**

Халел А. диссертациясында эксперименттік-тәжірибелік дәлелі бар бірқатар жаңа практикалық зерттеу нәтижелері бар. Жұмыстың практикалық маңыздылығы дипломат мамандарының шет тіліндегі мәдениетаралық коммуникативті дискурсын қалыптастыру үшін тапсырмалар мен жаттығулар жүйесін және дипломаттардың шет тіліндегі мәдениетаралық коммуникативті дискурсын қалыптастыру үшін оқу бағдарламасын жасау болып табылады.

5. **Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлердің мысалында).**

Ресми рецензенттерді тағайындау кезінде Диссертациялық кеңес рецензенттердің, ғылыми кеңесшілердің бір-бірінен тәуелсіздігі қағидатын басшылыққа алды. Диссертациялық кеңес диссертациялық зерттеулерді ресми рецензенттердің терең талдауын атап өтеді және олардың жұмысын қанағаттанарлық деп санайды. Рецензенттер ізденушінің диссертациялық зерттеуін бағалау бойынша талдамалық жұмыс жасады, ол олардың пікірлерінде мынадай аспектілерді көрсете отырып көрсетілді: диссертациялардың ғылымды дамыту бағыттарына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі, өзектілігі, жаңашылдық, дербестік, шынайылық, ішкі бірлік, практикалық құндылық, Академиялық адалдық қағидаттарына сәйкестігі. Дұрыс ресімделген Рецензиялар Үлгілік ереженің 28-тармағының талаптарына сәйкес уақтылы ұсынылды-ҚР Білім және ғылым министрінің 2020.04.30 № 170 Бұйрығымен.

**6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.**

1. Халықаралық ғылыми ұйымдармен интеграциялау, халықаралық ғылыми коллоборацияны кеңейту арқылы диссертациялардың зерттеу дағдыларын күшейту.

2. Қазіргі халықаралық және өңірлік қатынастардың өзекті мәселелерін талқылау мақсатында докторанттардың жарияланымдық белсенділігіне назар аудару (жағдай жасау)

**7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға арналған кадрларды даярлау бағыты бөлінісіндегі диссертациялардың саны:**

1) қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) – 1.

2) қараудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) – жоқ.

3) рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) – жоқ.

4) қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) – жоқ.

5) пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) – 1.

6) қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) – жоқ.

**Ескерту:**

Білім және ғылым саласындағы бақылауды қамтамасыз ету Комитетінің 18.02.2022 жылғы №58 бұйрығымен 18.02.2022 жылдан бастап 31.12.2024 жылға дейін жаңа мерзімге «8D017 – тілдер және әдебиет бойынша педагогтарды даярлау»: 8D01721 – шет тілі педагогтерін даярлау/6D011900 шет тілі: екі шет тілі» даярлау бағыты бойынша диссертациялық кеңестің құрамы бекітілді.

**ДК-тің төрағасы ________ Кульгильдинова Т.А.**

**ДК-тің ғалым хатшысы ________ Шаяхметова Д.Б.**

Мерзімі 2022 жыл «23» желтоқсан.